

- 6 ЦГА РК Ф. 135. Оп. 1. Д. 61.
7 ГАКО. Ф.677. Оп.1. Д.1.
8 Кстаубаева, У. А. Ликвидация казахского байства как класса в конце 20-х годов XX века — Текст : непосредственный // Вопросы исторической науки : материалы III Междунар. науч. конф. (г. Москва, январь 2015 г.) — Москва : Буки-Веди, 2015. — С. 17-19. — URL: <https://moluch.ru/conf/hist/archive/128/7037/> (дата обращения: 12.05.2023)
9 ГАКО. Ф.822п. Оп.1. Д.1.
10 ГАКО. Ф.9. Оп.1. Д. 2.
11 Коллективизация сельского хозяйства и оседания кочевого и полукочевого казахского населения на территории Кустанайской области 1927-1938 гг. Сборник документов. – Костанай: ОАО Костанайский печатный двор, 2004. – 412 с.
12 ГАКО. Ф.501. Оп.2. Д.2.
13 ГАКО. Ф.9. Оп.1. Д. 2.
14 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Очерк. Алматы: Дауыр, 1993г., с. 304-305.- 416 с.

XX ҒАСЫРДЫҢ 30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫ: БОСҚЫНШЫЛЫҚ, АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ

Э.А.Агадилова

Б.Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Қазақстанның тәуелсіз ел болуы оның күрделі тарихи даму кезеңдеріндегі елеулі оқиғалар мен фактілерге жаңаша бағыт беру қажеттігін туғызды.

XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы Кеңес өкіметінің қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету, ет және астық дайындау науқандарындағы зобаландар, байлар қожалықтарын тәркілеу және жойып жіберу саясаты, күштеп ұжымдастыру және зорлап отырықшыландыру, кінәсіз шаруаларды кеңес органдарының жалған жалалармен жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы қазақ шаруаларын ашаршылыққа әкеліп, босқыншылыққа ұрындырды.

Қазақ шаруасының дәстүрлі шаруашылығын зердесіздікпен және қатыгездікпен күйрету әуелі мал шаруашылығына, одан соң шаруалардың өзіне орасан зор апат әкелді. Әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі аудандар бұдан қатты күйзелді. Халықтың табиғи-тарихи даму заңдылықтарын дер кезінде ескермеудің қандай қасіретке ұрындыратыны большевиктер жүргізген көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын зорлап ұжымдастыру және сол негізде жаппай отырықшыландыру саясатында нақты көрініс берді [1.256].

Қазақ аулы трагедиясы күштеп ұжымдастыру, ашаршылық, босқыншылық мәселесін зерделеу қазақ тарихында жариялылық пен демократия тұсында 1985 жылдардың ортасынан басталды.

80 жылдардың соңында Омарбеков Т. Атабаев Қ. «Кооперативтендіру сабақтары», Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. «Казахстанская трагедия» тағы да басқа ғылыми мақалаларда көрініс тапты [2].

Осы жылдарғы қазақ тағдырын қоғаммен байланыста қарап, жаңаша көзқараспен зерделеуде М.Қ.Қозыбаевтың «История и современность», «Ақтаңдақтар ақиқаты» еңбектері өз ықпалын тиізді [3].

Қазақтың дәстүрлі шаруашылығының қоғамдағы ролін нақтылап, талдаған тарихшы ғалым Ж.Әбілқожиннің монографиясында да 20-30 жылдар межесіндегі қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдай жан-жақты талданған [4].

Қазақ халқының 20-30 жылдар межесіндегі әлеуметтік-демографиялық даму

динамикасын талдаған М.Тәтімов, М.Х.Асылбеков пен Ә.Ғалиев зерттеулерінде сол кезеңдегі қазақ аулының әлеуметтік негізі және ашаршылық жылдарындағы демографиялық құлдыраудың салдары халық санақтары деректері арқылы қарастырылған [5].

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанда байларды тәркілеу және шаруаларды күштеп ұжымдастыру кезінде орын алған қасіретті тағдырды нақты деректер негізінде зерттеген ғалым Т.Омарбеков зерттеулерінің қазақ тарихында алатын орны ерекше [6].

Көшпелілер мен жартылай көшпелілерді отырықшылыққа сталиндік күштеп көшіру саясаты қазақ этносының тіршілік ету жүйесін мықтап бұзды. Отырықшылық негізінен Солтүстік Қазақстан өңірін қамтыды. Оған қоса, оның аумағының елеулі бөлігі Батыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстанның көшпелілері мен жартылай көшпелілерінің маусымдық жайылымдық жері ретінде дәстүрлі түрде пайдаланылды. Республиканың солтүстігінде көшпелі шаруашылық кешенінен ауқымды егістік жерге алынып қойылуы мал азығы қорына байланысты жағдайды күрт шиеленістірді.

Жайылымдық жерлер тарылып кетті. Мал өсіруші шаруашылықтарға көшетін кең жайлау табылмады, сондықтан олар өзінің малдарын барлық маусымда – қыс пен көктемде, жаз бен күзде бір өрісті айналып жаюына алып келді. Жайылымдық жерлер малдың тұяғымен шектен тыс тапталып, қайта бой көтеру мүмкіндігінен айрылғандықтан ол бірте-бірте аза бастады да, тез қуаң тартты [7.261].

Жартылай көшпелі қазақ қоғамын күштеп ұжымдастыру ауыл жағдайын одан әрмен шиеленістірді. 1927 жылы желтоқсанда Компартияның XV съезі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Ауылда кооперативтік қозғалыстың даму барысында: еріктілік, дербестік, материалдық мүдделілік, ұжымдастыру сатыларына кезең-кезеңмен өту жоспарланды. Орталық Комитет Қазақ АКСР-інде негізінен 1932 жылдың көктеміне дейін өлкеде ұжымдастыруды аяқтауды белгіледі. 1933 жылға дейін Қазақстанда көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшылыққа көшіруді аяқтау жоспарланды [8.104].

1928 жылғы 4 қыркүйектегі Қарқаралы округтік комитеті партиясының жауапты хатшысының қазақ аудандары бойынша жасаған баяндамасында «... Халқы негізінен көшпелі Абралы ауданында мал шығыны көп. Бұл кездейсоқ жағдай емес. Аудандағы шаруашылықтарда қыста шөп қоры жоқ. Шүйгін шөп өскен аумақты кеңейту мүмкіндігі шектеулі, оған басты себеп судың, сулану жүйесінің болмауымен байланысты...» [9.314].

ҚОАК мен Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімімен 1928 жылғы 27 тамызда «аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декрет жарияланды.

1928 жылы Қызылорда қаласында Құлшаровтың төрағалығымен өткен жиналыста Қарқаралы округтік коммунистік партия комитетінің кезектен тыс отырысында қарастырылған «Кувск ауданындағы тәркіленген малдың жағдайы» протоколынан мәселе талқыланған. Онда дәулетті бай қазақтар тәркілеуден жалтару үшін малдарын халыққа таратқандығы баяндалған. Дәулетті, бай қазақтар Кува болысындағы туыстарына, кедейлерге және жекелеген болыстың және ауылдың қызметкерлеріне 745-жылқы, 423-мүйізді қара, 10-түйе, 873-қой, ешкі үлестірген. Бай Ақай Хасен 384 жылқы, 238-мүйізді қара, 7-түйе, 203 қой, ешкісін жасырып қалған [9.198].

Қызылордадағы ресми жиын шешімі бойынша Қарқаралы округіндегі Кувск болысындағы қалған тәркіленген малды мал өнімін дайындайтын жерге өткізіп, сату көзделді. Малын тәркілеуден жасырған бай Ақаев Қарқаралы уезінен әлеуметтік тұрғыдан қауіпті элемент ретінде танылып, шұғыл түрде жер аудару қажет деп таныды [9.198].

Орталық Қазақстанда негізінен көшпелі мал шаруашылығының ауданы ретінде, ұжымдастыру басқа аймақтарға қарағанда кешірек аяқталуы керек еді, бірақ республикалық партиялық және кеңестік органдарда ұжымдастырудың жеделдетілген мерзімді талап етуіне орай төтенше шешім қабылданды. Аймақтағы ірі ауданның бірі Тельманда (Телмановский) ұжымдастыру жедел түрде іске асырылды. Егер 1930 жылы 1 қазанда бұл

жердегі жайдайда ұжымдастыру 19% болса, 1931 жылдың мамыр айына дейін мұндағы ұжымдастырылған шаруашылықтың пайызы 74%-ті құраған. 1932 жылы 1 мамырға дейін Тельман ауданы бойынша 85%- қазақ, 90% - орыс және 79,5% - неміс шаруашылықтары ұжымдастырылған. 1932 жылы 25 желтоқсанда бұл жердегі шаруашылықты 100% ұжымдастыруға қол жеткізілді [10.225].

Жаппай ұжымдастыру, байлар мен кулактарды тәркілеу, тап ретінде жою, орта шаруаларды қуғындау барысындағы зорлық-зомбылық отырықшылану ісіне шаруаларды өз еркі бойынша тартуға мүмкіндік бермеді. Тез арада жаппай ұжымдастыру қарқынын іске асырған белсенділер бір ұжымға 500 шаруа қожалықтарына дейін жинап топтастырған фактілер болды. Бір жерге мұншама адамның топтастырылуы мал жайылымы аясын тарылтып, халықты егін алқаптарынан алшақтатты. Қырыла бастаған мал оған қоса мемлекеттік жоспар бойынша өкіметке жаппай алына бастады. Осының салдарынан халық алапат аштыққа душар болып, басы ауған жаққа босқын болып кетті [11.19].

Ұжымдастырудың салдары 1931-1933 жылдардағы ашаршылық болды. «Қазақстандағы азық-түлік қиындықтары туралы» ОГПУ-дің құпия-саяси бөлімінің арнайы жинағында Орталық Қазақстанның аудандарындағы дағдарыс жағдайы атап өтілді: «Торғай, Батпаққара, Қарсақпай және Кува аудандары аса өткір азық-түлік қиындықтарын бастан кешуде. ...бұл аудандарда ауыл шаруашылығы мүжәлсіз, мал толығымен дерлік жойылған, егістіктер егілмеген күйінде қалған ... халық аштыққа ұшырайды. Қазақтар шөп тамырларымен, тышқандармен қоректенеді. Егіннің жартысы шықпай қалған Торғай ауданында 4452 адам аштықтан қайтыс болды. Күн сайын орта есеппен 20 адам қайтыс болады. Аудан бойынша 77 мың адамның азық-түлігі мүлдем жоқ. Кува ауданында «Шуақал» колхозында күн сайын 3-4 колхозшы аштықтан өледі Қарсақпай ауданында күн сайын 2-3 адам қайтыс болады [10.224].

Көшпелі шаруашылықты күштеп отырықшылыққа көшіру және оларды ұжымдастыру саясатын жүзеге асыру белсенді басталды. Жартылай көшпелі өңірлерде, атап айтқанда Орталық Қазақстанда егіншілік алқабын кеңейту жұмысы да жанданды. Кеңес билігі егіншілікте тұқым себу жоспарын орындауда жергілікті шындықты ескермеді. 1931 жылы Т.Рысқұлов мәлімдемесінде «Қарағанды облысының 5 көшпелі және жартылай көшпелі аудандары (Жаңа-Арка, Қызыл Ту, Қорғалжын, Сары-Су, Енбекшілдер) бойынша егіс алқабының ұлғаюы жоспар бойынша 42% құрады, оның ішінде 7 мың шаруашылықтың 500-600-і қалған Сары-Су ауданы бойынша 300 га орнына 2880 га жоспар берілді» [12.118].

Т. Рысқұлов былай деп жазады: «жоспардан тыс егін егуді бірнешеесе ұлғайтып есептеуде үлкен қателік бар екені сөзсіз, өйткені қазақтар бұл істе дағдылары жоқ егіншілікке жақында ғана көше бастады; қазақтар жері аумағы құрғақ аймақта көбірек орналасқан және құнарсыз топырақ сапасы нашар, қолдарындағы техника тракторлары әлі де аз, агротехникалық шаралар жүргізілмеген. Бұл жағдайда қазақтардың егіс алқабы қалай екі есеге артуы мүмкін?» [12.118].

Орталық Қазақстандағы жаппай ашаршылықтың алғашқы толқыны бірқатар күрделі саяси оқиғалардан туындады. Бірінші дүниежүзілік соғыс, әскери интервенция, азаматтық соғыс халыққа ауыр апаттар мен қайғы-қасірет әкелді, аймақтың экономикасына үлкен зиян келтірді. Майданның мұқтаждықтары үшін тұрғындардан нақты мүмкіндіктерді ескермей мал, астық және басқа да өнімдер алынды. 1916 жылы әскери бөлім жылқыларды жаппай мәжбүрлеп тартып алды. 1916 жылғы көтеріліс кезінде жазалаушы экспедициялар үлкен зиян келтірді. Сондай-ақ, тонаушылардың жаппай тонауынан, малдың «реквизицияларынан», жемшөптен, астықтан болған шығындарды кезекті билік органдары және т. б. Ақмола облысының төрт уезінде осы жылдары екі миллионнан астам мал жойылып, ұрланған [10.222].

1929-1930 жылдардағы жаппай аштық әсіресе қайғылы болды. Аштықтың себептері: 1) Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесінің «байларды тәркілеу туралы» 1928 жылғы 27 тамыздағы қаулысын іске асыру; 2) 1930 жылғы 1 ақпандағы БОАК мен ХКК-нің «ұжымдастыру қаулысын қазақ ауылдарына күштеп

таңып, жүзеге асыру; 3) жартылай көшпелі қазақтардың қолындағы жеке меншік малын күштеп тартып алынуы [10.221].

Солтүстіктің, Оралдың және Сібірдің аудандары сияқты Қазақстан аумағы да елдің басқа аудандарынан айдалған он мыңдаған шаруалар азапты күй кешетін кулактар мекені ретінде белгіленді. 1930 жылғы 2 ақпандағы ОГПУ-дің бұйрығына сәйкес, республиканың адам тұрмайтын аудандарына 5 мың бала-шағалы отбасын айдап апарып, қоныстандыру жоспарланды. Бірақ өлкелік органдардың мұндай көлемдегі адамдарды орналастыруға дайын еместігі анықталды.

1931 жылғы 20 ақпанда БК(б) П ОК-нің Саяси бюросы тәркіленгендерді көшіру туралы арнайы мәселе қарады. Осыған байланысты ОГПУ-ға жарты жылдың ішінде «кулактардың 200-300 бала-шағалы отбасын орналастыру үшін арнайы тағайындалған коменданттардың басқаруымен кенттер, ең алдымен Қазақстанда Қарағанды аймағында» дайындалды. Бұл жерге адамдарды жинаудағы мақсат Қарағандының көмір бассейнін арзан жұмыс күшімен қамтамасыз ету болды [13.168].

1931 жылғы 11 наурызда Саяси бюронның көшіру мен орналастыру жөніндегі арнаулы жұмыс органының отырысында бұрынғы Ақмола және Қарқаралы округтеріне 150 мың шаруашылықты көшіру туралы мәселе қойылды. Мұндай кең ауқымды акцияны өткізуге «техникалық мүмкіндік болмағандығынан» өлкеге алдашқы кезекте 56 мың отбасын көшіруге шешім қабылданды [7.267].

Арнайы қоныс аударылғандардың тіршілігі шынында да қайғылы болған жоқ па?. Қазақстанға қатысты осы мәселе бойынша дәлелді айғақтарды Д.Т.Чировтың зерттеуінен алуға болады, ол қарағандылық арнайы қоныс аударылғандардың тарихын ұзақ уақыт бойы табандылықпен зерттеді. Осы Д.И.Чиров жинаған қарағандылық арнайы қоныс аударушылар естелінде П.М.Горбунова: «1931 жылғы жазда бар болғаны бір жастағы қызым қайтыс болды, ол кезде бес-алты жастағы барлық бала дерлік іш аурудан шетінеді».

П.М.Украинская: «Менің анам және он жасар інім қайтыс болды. Мен жеті жаста болатынмын. Бізді Осакаровкаға, төбесі жабылмаған барактарға әрқайсысына 70-80 адамнан орналастырды. 1932 жылдың көктемінде әр барактан 5-6 адамнан ғана тірі қалды» [7.269].

В.М.Судейкин : «1932 жылғы желтоқсанда бізді Кубаньнан Тоғызыншы кентке әкелгенде біздің отбасында алты адам болды. 1933 жылдың жазына дейін бір мен ғана аман қалдым».

П.П.Крылов, В.М. Судейкиннің жерлесі: «Тоғызыншы кентте 1933 жылы адамдар түгелдей отбасымен өліп жатты».

М.И.Лисина «Тоғызыншы кентке 1931 жылдың жазында 17 мың адам әкелінді, ал 1932 жылдың көктемінде содан әрі кеткенде жеті мыңдай адам ғана қалды. Менің көз алдымда Ломовицкийлер отбасының түгелге жуық өлгені есімде, 13 адамеді, үшеуі ғана тірі қалды. Тоғызыншыда тірі қалғандарды 1932 жылы Бесінші кентке орналастырды, онда да барактар ашық-тесік, толық бітпеген болатын» [7.269-270].

1933 жылы 25 шілде күнгі Қазақстандағы ОГПУ өкілетті өкілдігінің құпия-саяси бөлімінің арнайы баяндамасында Қарағанды облысы бойынша бірнеше күн ішінде сол жылы Дружинин колхозында 15 адам аштықтан қайтыс болып, аудандағы көмек қорлары толығымен таусылған. Аудан ұйымдары колхозға 5 центнер нан бөліп, облыстық ұйымдар алдында қосымша өтініш берілген [14.668].

Осылайша, жаппай ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру, ауқымды жоспарлы мал, ет және астық дайындаудың қазақтарға еріксіз таңылуын іске асыруға бағытталған биліктің іс-шараларының нәтижесінде республикада және өңірде мал басының күрт қысқаруы қазақ даласында жаппай ашаршылыққа алып келді.

Сонымен сөзімізді қорытындылай келе, 1930 шы жылдар межесіндегі Кеңес өкіметінің солақай саясаты күштеп ұжымдастыру, жаппай қоныстану, мәжбүрлі қоныс аудару, ашаршылық пен жұттың нәтижесінде Орталық Қазақстандағы жергілікті ұлт қазақ санының күрт азаюына алып келді.

Елдегі қабылданған индустриаландыру саясаты өңірден жоғарғы қарқынды экономикалық дамуды талап етті, жұмыс күшінің сырттан үстемелеп келуі халықтың механикалық санының артып, европалық ұлт өкілдерінің санының артып, қазақтардың өз жеріндегі азшылыққа айналуына алып келді. Кеңес өкіметінің жасанды күштеу саясаты мыңдаған адамдардың өміріне балта шауып аймақтың территориялық қоныстану бейнесін өзгертіп, халықтың әлеуметтік жағдайын ғана емес, өмір сүру әдісін де түпкілікті өзгертіп жіберді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. –Алматы: Санат, 1997. 320 Б.
- 2 Омарбеков Т., Атабаев Қ. Кооперативтендіру сабақтары // Лениншіл жас. 1988. 3-4 тамыз, 13,14 желтоқсан. Абылхожин Ж.Б, Козыбаев М.К., Тәтімов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. 1989.№7.
- 3 Қозыбаев М.Қ. История и современность – Алма-Ата, 1991, Ақтандақтар ақиқаты. –Алматы, 1992.
- 4 Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930 гг). Алма-Ата, 1991.
- 5 Тәтімов М.Б. Ауылдағы демографиялық ахуал.-Алматы, 1990; Тәтімов М.Б. Халықнама. Сан мен сана.-Алматы, 1992; Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). Алма-Ата, 1991.
- 6 Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді. -Алматы, 1993. Омарбеков Т. Зобалаң.- Алматы, 1994. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. -Алматы, 1997.
- 7 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Т.4.Алматы: Атамұра, 2010. 752 Б.
- 8 Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С., Абылхожин Ж.Б. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. -Алма-Ата, 1992.
- 9 Ашаршылық. Голод. 1928-1929. Документальная хроника. Сб.документов. Т.1. Отв.редактор-составитель Б.Әбдіғалиұлы.-Нұр-Сұлтан, 2021. 920 Б.
- 10 Козина В.В. Кудайбергенова А.И. и др. Голод в Центральном Казахстане в начале XXвека и его социально-демографические последствия // Вестник Карагандинского университета. № 2 (106). 2022. 221-232С.
- 11 Махмұтов С.Қ. Қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшірудегі мемлекет саясаты (XX ғасырдың 20-30-шы жж). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған авторефераты. -Алматы, 2008.Б.25.
- 12 Сақтаганова З.Г. «Ашаршылық - Великий джут» 1931-1933 гг. в Центральном Казахстане: к постановке проблемы/ З.Г. Сақтаганова // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. История. Философия. - 2021. - № 2. - С. 117-128.
- 13 Ивницкий Н.А. Коллективизация и раскулачивание. М, 1994.
- 14 Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.документов. Т.4. Отв.редактор-составитель Б.Әбдіғалиұлы.-Нұр-Сұлтан, 2021. 776 Б.

РАЗВИТИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН В КОНТЕКСТЕ ОТНОШЕНИЯ К ПОЛИТИЧЕСКИМ РЕПРЕССИЯМ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА

Хлебников И.Д., старший преподаватель
Карагандинский университет им. Е. А. Букетова
Караганда, Казахстан